Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 2 хаттамасы

Тасқала ауылы **“2” мамыр 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 16:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 11 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Б.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Х.Т.Мулдашев, А.Е.Мухтаров, М.Ж.Нурашева, Н.А.Чапурина, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы М.Залиев
Жиналыс хатшысы М.Нурашева.

Күн тәртібі:

1. **«Азалы Ана» монументінің алдындағы үшбұрыш тәрізді айналма жол ортасына монумент әлде ескерткіш орнату туралы**

ТЫҢДАЛДЫ:

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері!

Абай көшесінің бойындағы, «Азалы Ана» монументінің алдындағы үшбұрыш тәрізді айналма жол ортасына монумент немесе қандай да бір ескерткіш орнату қажет. Қандай ақыл қосасыздар?

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Жиналыс төрағасы:

М.Залиев: «Азалы Ана» монументінің алдындағы үшбұрыш тәрізді айналма жол ортасына монумент немесе қандай да бір ескерткіш орнату туралы пікірлеріңізді айта отырсаңыздар.

Х.Мергалиев: Біздерге осындай- осындай болады деп монументтердің, ескерткіштердің фотоларын көрсетсеңдер, айтайық қайсысы үйлесетінін.

Ұ.Шукурова: Тағы бір мәселе бар. Көк шөптерді шабатын, қаптап барады.